

біліміне дербес сала ретінде еніп қана қоймай, жоғары оқу орны студенттеріне жеке пән ретінде оқытудың қажеттілін тудырды. Бұл еңбектердің бәрін бір мақалада талдап шығу мүмкін болмағандықтан, біз кейбір іргелі жұмыстарға ғана шолу жасадық. Бұл ғылыми еңбектер мен зерттеу жұмыстары сөзжасам саласының көне құбылыс, оның өзіндік қалыптасу тарихы, ішкі заңдылықтары мен тілдік бірліктері бар екенін айқындады. Десе де, ғалым А. Салқынбай зерттеу еңбегінде көрсеткеніндей, сөзжасам саласын когнитивтік аспектіде қарастырып, таным феномені ретінде танып, ономазиологиялық аспектіде зерттеудің маңызы зор. Сондықтан да сөзжасамды жаңа аспектіде зерттеп, ғылыми айналымға енгізу – біз, жас ізденушілердің еншісінде.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Оралбай Н. Құрманәлиев К. Балтабаева Ж. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы: Инжу-Маржан баспаханасы, 2014. – 290 б.
2. Салқын А.Б. Тарихи сөзжасам. Монография. – Алматы: Қазақ университеті. – 309 б.
3. Сарбалаев Ж.Т. Конверсия мәселелері. - Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 107 б.
4. Абдрасилова Г.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің аналитикалық тәсіл (бірігу, қосарлану, тіркесу) арқылы жасалуы. Ф.ғ.к.: 10.02.02, Астана. – 124 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.ІІІ: - 384б.
6. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым. 1987. – 352б.

МРНТИ 16.21.41

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЕТІСТІК НЕГІЗДІ СӨЗЖАСАМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРДІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ ЛЕКСИКА – ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Н.М.АЛДАШЕВ

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе,
Қазақстан*

Түйіндеме. Мақалада қазақ тілінде етістік негізді сөзжасамдық модельдер арқылы ұлттық этникалық сипатын айғақтайтын тілдік деректер арқылы мәнін, олардың табиғатына тереңдеу арқылы түркі тілдері мен қазақ тіліндегі тарихи сабақтастықта анықтау туралы сөз болады.Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің ролі мен орны,құрылымы,семантикалық құрылымы мен тарихи - этимологиялық аспектілері талданады.

Аннотация: Статя посвящена определению значения казахского языка в исторической преемственности тюркских языков и казахского языка путем углубления их природы с помощью лингвистических данных, отражающих национальный этнический характер, в моделях словообразования на основе глаголов, где анализируется роль и место, структура, семантическая структура и историко-этимологические аспекты.

Annotation: The article is devoted to determining the significance of the Kazakh language in the historical continuity of the Turkic languages and the Kazakh language by deepening their nature with the help of linguistic data reflecting the ethnic ethnicity in verb-based word-formation models, where the role and place, structure, semantic structure and historical-etymological aspects are analyzed.

Кілт сөздер: сөзжасамдық модель, аффикс, лексика-грамматикалық сипат, етістік негіздері

Ключевые слова: словообразовательный модель, аффикс, лексика – грамматический описание глагольные основы

Keyword: word-formation model, affix, lexicon-grammatic description of the verb bases

Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер теориясы туралы қазіргі заманда жаңа «тіл - шындық», «тіл – қазіргі заман» бағытында зерттеулер ХХІ ғасырда кең етек алып отыр Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер – тіліміздің шынайы болмысының айнасы және аясының кеңею процестерінде арқылы жасалған туынды негіздердің тарихи мөлшері тілімізде жетерлік. Олардың алпысқа жуығы өлі түбірлер болып саналады [7.178-200] және бұл жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде бұл тұлғаның өнімсіздігін ғана емес, сол сияқты оның белсенділігін де көрсетеді және де даму барысында өнімділігін жоғалтуы басқа тұлғалардың ығыстыруына байланысты. Түркітануда қарастырылып отырған етістік негізді сөзжасамдық модельдер дәрежесі туралы бірыңғай пікір жоқ. Түрколог – ғалым Э.В.Севортянның пікірі бойынша, етістік негізді сөзжасамдық модельдер жасауға қатысатын «-ла, -ле» көрсеткіштерімен бірге «-а, -е» қосымшалары түркі тілдерінде аффикстік етістікжасамның негізгі көзі болып табылған. [12.3-16] Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде «-а» және «-ла» көрсеткіштерінің атқаратын қызметтерінің сабақтастығын атап көрсетеді және жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде «-а/е» жалғанған императив етістіктерді талдау мұндай пайымдаудың дұрыс екендігін көрсетеді. Шынында да, алғашқы етістік негіздерді арнайы талдау мен іздестіру нәтижесінде ғана бұл аффиксті көптеген негіздердің құрамынан бөліп алуға болады. Мысалы: «күр-е, тар-а, тап-а, т.б.» Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде «-ла» аффиксі арқылы жасалған дериваттарды талдау нәтижесіндегі бұл көрсеткішті қазіргі күнге дейін сақталған өнімділігімен түсіндіруге болады. Мұндай көзқарасты Щербакта қолдай отырып, «-а» көне аффиксі якут тіліндегі қазіргі «-ла» аффиксінің пайда болуында негізгі

элемент қызметін атқарады» деп санайды. Г.И.Рамстедт түркі-монғол етістік жасамы туралы еңбегінде бұл аффикстің тарихы жөнінде белгілі бір көзқарасын аңғарта қоймайды. Ол –а аффиксінің дербестігін мойындай отырып, кейбір жағдайларда бұл тұлғаның –ла тұлғасынан өрбігендігін айтады. [9.3-16] Түрколог-ғалым Н.А.Баскаков «–а» тұлғасының морфологиялық тәуелсіздігін тіптен жоққа шығарды да, оны сөзжасам жүйесіндегі фонетикалық жағынан әртүрлі түркітанушылардың көпшілігі туынды негіздер үшін –а етістіктік аффиксінің болғандығын мойындайды, оның шығу тегі туралы мәселені ашық қалдырады. Мысалы, «–ға» аффикстерінің мағынасы «–а және –ы» аффикстерінің мағынасы ұқсас сияқты деп көрсетеді. [1.113-114] «–а» аффиксі нақты зат есімдерінің белгілі бір тобын әртүрлі семантикадағы етістіктер тобына өзгертетін деривациондық форманттардың қатарында қарастырады. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде аффиксті қолдану арқылы етістіктен жасалған сөзжасам процесінде семантикалық реңкті модельдер ретінде бекіту және осы үдерістерді қарапайым аффикстерді барынша нақты салаларға бейімдеу немесе одан әрі даму барысында күрделі аффикстер қалыптасуының нәтижесі оларды мағыналық жіктеу бағытында ілгерілеушілікті туғызды, аффиксті етістік «етістік» белгісі болуымен қатар, белгілі бір семантикалық құрылымы бар етістік болып табылады, іс-әрекетті атауға байланысты іс-әрекеттердің мазмұнына нақты мән береді. Мысалы: тон – «тона», «киіну»; түз – «түзе», тегіс – «тегістеу» және т.б. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде «-а,- а,-е» аффиксі арқылы атаулардан етістік жасалғаны байқалады және «й» аффикстегі етістіктер аяқталу барысында тұрған әрекетті және соған сәйкес созылған, соңына дейін жеткізілмеген әрекетті білдіреді. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің жұмсалыу аспектісі және аясының кеңею процестерінде «-а, -е» тұлғасының шығу тегін түсіндіруге қатысты әртүрлі көзқарастарға қысқаша шолу, осы тұлғаның өзге аффикстермен байланысты екендігін көрсетеді, «-ла, -ле, -қа, -ке» және басқа аффикстерінің варианты болып табылады. Осы пікірлерге орай оның сақталып қалу себебін және біздің еңбегімізде келесі талданатын сөзжасам модельдерін түсіндіру үшін төменде келтірілген Г.И.Рамстедтің пайымдауына назар аудару қажет: «Тілдердің тарихи-фонетикалық дамуы бір қосымшаның ұзақ уақыт бойы екі немесе бірнеше әртүрлі дыбыстық варианттарда бола алатындығын көрсетеді. Бұдан кейін олардың бірі норма ретінде қабылданады, бұл енді біршама жаңа құбылыс болып табылады.» -деп тұжырымдайды. [9.82] Қосымшаның тарихи негізделген ескі варианты сөз түрлендіруде қолданыла береді. Белгілі бір тілге тән

қосымшалар көп болған жағдайда, қандай да бір қосымшаның белгілі бір себептермен сөз жасаушы ретінде қолданылуын тоқтатындығы жиі кездеседі және бұл қызметті барынша жаңа және нақты қосымша атқарады. Мысалы: сақ<сақай. Қазіргі тіліміздегі түбірі – «сау» деген дербес сөздің фонетикалық варианты. -у мен оғыз және басқа да түркі тілдеріне тән сөз соңындағы «-ғ» дыбысының басқа етістіктен айырмашылығын, әр топтың жекеленетін белгісін көрсетпеген, оның жұмсалыу аспектісі және мағыналық аясының кеңею процестері мен етістіктерді жеке топтарға топтастыруының өзі үлкен, себебі сөздерді семантикалық топқа топтастырушылар (жалпы тіл білімінің өкілдері) зат есімдерді не сын есімдерді ғана тілге тиек етеді. Мысалы, Арғымаққа оқ *тиді*, Қыл мықынның түбінен. Айдаметке оқ *тиді*, Отыз екі омыртқаның буынынан. Зырлап аққан қара қан, Тиылмайды жонның уақ тамырдан. Сақ етер *тиді* саныма, Сақсырым толды қаныма, Жара бір *қатты*, жан тәтті, Жара аузына қан *қатты*, Жаракшылар жоқ па *екен*, Жармай білте саларға? Жағдайсыз жаман *қалып барамын*, Жанымда бір туғанның жоғынан. (Доспамбет) Сонымен бірге тіліміздегі заттық мағынаны білдіретін «бас,аяқ, көз,құлақ,қол,саусақ» дегендер мағына жағынан бір-біріне байланысты болмауы да мүмкін, бірақ осы сөздердің бәрі де дене мүшелерімен байланысты, сондықтан оларды бір топқа енгізу мүмкіндігі туады және жұмсалыу аспектісі және мағыналық аясының кеңею процестерінде мұндай денотаттық нақтылық жоқ. Соңғылардың лексикалық мағынасының аумағы кең, бір сөз бірнеше топтағы сөздермен байланыса береді. Алайда бұл тіліміздегі етістіктерді бір тәртіппен топтастыруға кедергі болады әрі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің тарихи сөздер арқылы тілдік-стильдік ерекшеліктерінде байқалады. Мысалы, Таңдап мінген тұлпарлар, Иесін қайда жаяу *салмаған*, - деген жыр жолдарындағы кездесетін «салу» етістігі – «қалдыру, тастап кету» мағынасында жұмсалатын етістік. Етістік негізді сөзжасамдық модельдер және этнотаңбалық бірліктердің жай қайталаулар. бір ғана «деп» сөзіне ерекше мән беріп, нақпа-нақтап қайталау арқылы сездірсе, «барды» сөзін екі рет айту арқылы алыстан орағытып, «солай болатын еді-ау, керегінде жақсылар қолға түсе бермейді, кезінде қадірлемекке керек» деген ойын жеткізуге жағдай жасайды. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің ерекше рөл атқарып тұрған «бар-ды» деген сөздің екі дүркін ғана айтылуы. Сондай-ақ «еді» деген қарапайым ғана етістікті екі рет айту арқылы аңғартады. Мына мысалдарға назар аударайық: Көшсе, қона *білмеген*, Қонса, көше *білмеген*, Ақылына *көнбеген*. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер жаңа ғасыр баспалдағында теориялық - танымдық үрдісте зерттеудің қажеттігі заман талабына сай туындауда және белсенді жаңа бір түбірлі етістік негізді сөздердің (сөзжасамдық парадигма - ұя) қызметтері ұлғайып отыр. Бұл жерде қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер тарихи және лексика-грамматикалық сипаты білдіруде

етістік негізді сөздердің құбылыстар мен ұғымдардың қолданысынан көреміз. Етістік негізді сөзжасамдық модельдердің ішінде –да, -де, -та, -те шылаулары да негізгі етістік пен байланыстырып, сөзжасамдық модель құрайды. Мысалы, Рахмет қарамай *кетті де* қалды. (С.Е.) Сонымен бірге қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің тарихи және лексика грамматикалық сипаты тіліміздегі өнімді қызмет атқаратын де көмекші етістігінің қалау райдың - *айын*, - *ейін* жұрнағымен тіркесіп келіп бір сөзжасамдық модельдер жасайды. Мысалы, Денесі *мұздайын* деді. (Ғ.М.) Дегенмен де қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер тарихи және лексика-грамматикалық сипатын белсенді жұмсалыуына етістіктің ішкі мүмкіндіктерінің қызметтерін ерекше атауға болады. Алайда қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің сипаты тіліміздегі зат есімді сөздерге қарағанда біршама қиындықтары да бар. Ең алдымен етістік негізді сөзжасамдық модельдердің шақты білдіруі, қимыл, іс- әрекеттердің локальдық және сандық модификацияларының белсенді қызмет атқаруынан көреміз. Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің тарихи және лексика грамматикалық сипаты негізгі етістік пен оны жасайтын жұрнақтар және құрамы жағынан жалаң, құранды болып бөлінеді: жалаң жұрнақтар бір морфемадан тұрады: ақта, есей, сыйла, өзгер, жолық, ата т.б. Мысалы тіліміздегі сөзжасамдық модель жасауға қатысатын –са, -се, -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнақтары көмекші етістіктерге тіркесіп келіп, етістік негізді үлгі жасайды. Менің де жақсы киім кигім келер. (С.Т.) Осы бір таза ауаны кеудене толтырып жұта бергің келеді. (Ә.С.) Осы себептен етістік негізді сөзжасамдық модельдерде жұрнақ алды-алдына жұмсалып, жеке-жеке қосымша ретінде қызмет етіп, сараланатын бастапқы «–ла» жұрнағы (ой-ла, таза-ла) және өздік я ырықсыз етіс тұлғасын жасатын «–н» жұрнағы (ой-ла-н, таза-ла-н) тіркесімен түрлес те, азды-көпті мағыналас та келеді. Атап айтсақ, амал-әрекеттің орындалуының мезгіл-мезетін, шалағайлығын, созалаңдығын, асығыстығы мен жайбарақаттығын, қайталануын, сылбырлығы мен ширақтығын, созылыңқылығын, тосындығын білдіретіндей көптеген мағыналық реңк үстейді. [2] Қазақ тіліндегі құранды етістік (аналитикалық) мәселесі, етістіктердің орны Ж.Манкеева, Б.Сағындықұлы, М.Ескеева, М.Жолшаева және т.б. зерттеулеріне де арқау болған. [7.8.10.11.14] Мысалы, Жақында Абылғазы *келіп - кетіп еді* (М.Ә.) ... ағайынның обалына *қалғалы отырған* Тәкежанға болыспасын деген мысалдардағы етістік сөздер қысқа мерзім ішіндегі қимылдың екі рет қайталанып келіп, қосарланған етістік түрінде қимылдың аяқталмағандығын көрсету үшін қолданылған. Мысалы, Мұхит Сәтбала жайында әлі сөйлеп келеді, сөйлеп келеді, Екеуі әлі аралап келеді, аралап келеді (Ғ.С.) Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер тарихи және лексика грамматикалық сипаты

қимылдың орындалу үстінде екенін білдіреді(жауып тұр, жүріп тұр) және оның грамматикалық сипаты мен ерекшелігін «тұр» көмекші етістігінен көреміз. «-а, -е, -й» көсемшелі негізгі етістікпен тіркескенде іс - әрекеттің уақытша орындалғанын (оқи тұр, отыра тұр, көре тұр) білдіреді.Мысалы,Әншейінде қаншалық қиян-кескі араз боп жүрсе де,«торқалы той,топырақты өлім»дегенге келгенде, араздық ұмытыла тұратын.Осы естігенінің бірде-бірін Айғызға айтпай тұра тұр.Майбасар жақтар да өз сабақтарын Тәкежанның құлағына құйып жүрді.Әкесі Нұрғанымды тоқалдыққа алғалы,Абай тіпті қашықтап жүр (М.Ә.).Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің тарихи және лексика грамматикалық сипаты « - а, -е, -й» формасы негізгі етістіктен кейін келгенде істің ұзақтығын, «-ып, -іп, - п» көсемшелі етістіктен кейін сөйлеп тұрған уақыттағы іс – әрекетті; «-ғалы, - гелі, -қалы, -келі» жұрнақтарынан кейін келіп, белгілі істі жасауға дайындық жұмысының болып жатқанын байқатады. Мысалы,Төлепберділер үздік-создық келе жатқан.Жау алыста деп еркін шауып келе жатқан. Аягөз,Тарбағатай,Алтай наймандарына да жетіп жатты.Анада Базаралы айтып кеткен сөз бен Балағаздардың қылықтары астасып жатыр.(М.Ә) Сонымен бірге «жат» етістігі белгілі уақыт ішіндегі қимылдың үзіліссіз орындалуын да білдіреді.Мысалы, ұйықтап жатқан, жылап жатыр.Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер грамматикалық сипаты мен ерекшелігіндегі тағы бір мәселе, заттың қозғалысын көрсететін негізгі етістікпен тіркесіп келгенде,іс-әрекеттің әр түрлі уақытта және түрлі жақтармен тізбектеліп орындалатынын(келіп жатты,қайтып жатыр,кіріп жатыр) білдіреді.Мысалы,Үлкен Семейге,Затонға,Жоламан жатағына ғана емес хабар тарап жатыр (М.Ә.)Етістік негізді сөзжасамдық модельдер грамматикалық сипаты мен ерекшелігі ең қарапайым модель классификацияға бағынбайтын сөз конгломератын жинақтайтын болса, күрделі модельдер семантикалық белгісінің жалпылығы бойынша сөздерді топтастыруға және белгілі бір лексика-семантикалық кластарды топтастыруға мүмкіндік береді.Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдер ерекшелігінің бір белгісі, сөзжасам моделдердің семантикасы жалпыланған болғанымен, туынды сөздердің мағыналары модель арқасында нақты түсініледі.Жүйеге келтірілген және жүйеге келтірілмеген сөзжасам типтерін белгілеп бөлгенде, лексика-семантикалық категориялардың біреуімен олардың тілдегі жаппай жүзеге асу фактісі болады.Қазақ тіліндегі етістік негізді сөзжасамдық модельдердің грамматикалық сипаты мен ерекшелігіндегі бұл типтендірілген модельдер жаңа лексикалық бірліктердің пайда болуына мүмкіндік береді және дұрыстылығын тексеруге ыңғайлы екенін көреміз.

1. Баскаков Н.А. Основные теоретические направления в изучении алтайской семьи языков // Советская тюркология. - 1970. №5. - С. 113-114
2. Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі. - Алматы, 2007
3. Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі етістіктер және аспектуалды семантика. – Алматы. 2011
4. Қазақ грамматикасы. Астана 2002.
5. Қалыбаева – Хасенова А. Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты Алматы, 1971
6. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1966.
7. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі байырғы түбірлерді жаңғырту. Алматы, «Жібек жолы» 2010.
8. Оралбай Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
9. Рамстедт Г. Введение в алтайское языкознание М., 1957
10. Сағындықұлы Б. Қазақ лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, «Арыс» 2007
11. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. (Семантикалық аспект) - Алматы Қазақ университеті, 1999. - 309 б
12. Севортян Э.В. Несколько замечаний к тюркологическим исследованиям по грамматике. журнал Советская тюркология. 1970 3 стр. 3-16
13. Тектіғұл Ж. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. Алматы, «Ғылым», 2002
14. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1982.
15. Щербак А.М. Очерки сравнительной морфологии тюркских языков. Глагол. Ленинград, 1981 г

МРНТИ 81:372.881

ХУДОЖЕСТВЕННЫЙ ТЕКСТ КАК СРЕДСТВО ОБУЧЕНИЯ РУССКОМУ ЯЗЫКУ КАК ИНОРОДНОМУ

Т.В. КОРОБКОВА

Актыбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

Актобе, Казахстан

Аннотация В данной статье рассмотрены возможности использования художественного текста при обучении русскому языку как иностранному. Любой текст несет в себе разноуровневую информацию, которую должен воспринять инофон в процессе чтения. Современная методика обучения русскому языку как иностранному рассматривает художественный текст как средство коммуникации. Большое место